

19 Наурыз
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ЖАҚСЫ ДӘСТҮРДІҢ ЖАҢА СИПАТЫ

КӨРІСУ — ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫС Өңірлерінде сақталған ежелгі дәстүрлердің бірі. Біраз уақыт ұмыт болған дәстүрдің шығу тарихы туралы бүгінге дейін ғылыми тұжырымдалған анықтамасы жоқ. Бұл ежелгі дәстүрдің тарих сахнасына қай жылы еніп, қай өңірлерде тойланғаны туралы да мардымды ақпараттар жоқтың қасы.



Бірақ, Көрісу— Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында үзілмеген ежелгі дәстүр. Бұл күн биылғы жылы еліміздің барлық аймағында жаңаша сипатпен мерекеленіп бастады. Осы салтты сақтаған өлкенің бірі - Ойыл өңірі Көрісу күнін ешқандай жоспарсыз атап өтеді. Бүгінде таң ата көрші-көлемге көріскен жастар үзілмеген дәстүрдің үлгісі. «Жаңа жасың құтты болсын!», «Бір жасыңмен!», - деп үлкендер бата берсе, көшеде де төс қағыстырып жатқан ағайындар да ақ тілектерін ақтарып жатыр. Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы

үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүр. Өйткені Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Арадағы өкпе-ренішті, араздықты ұмытып, ағайын-туыстың амандығын тілейді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің жариялаған Наурыз мейрамын тойлаудың тұжырымдамасына сәйкес, Ойылдағы Мәдениет үйінің алдында аудандық мәдениет бөліміне қарасты мекемелер қызметкерлерінің күшімен ұйымдастырылған шарада Көрісу күнімен аудан әкімі Асқар Қазыбаев жұртшылықты құттықтаса, әлі де ызғары қайтпаған ауа-райын елемеген халық көже ішіп, әртүрлі көріністерді тамашалады.



АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ
АУДАН ХАЛҚЫН ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын көңіл, ақ ниетпен құттықтаймын!

Тарихи тамыры тереңге бойлаған Өз-Наурыз қашан да дана халқымыз үшін еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмеген бірліктің, ынтымағы ажырамаған ырыстың символы ретінде танылып келген. Табиғат түлеп, жаңарған сәтте есіктен енетін ақ пейіл мен татулықтың мерекесі ретінде қазақпен біте қайнасып келе жатыр. Жыл сайын ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысын айшықтайтын бұл күн үлкен сән-салтанатымен, құт-берекесімен тойланып келеді. Бірақ, биыл «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласында айтылған тапсырмаларға сәйкес Наурыз мейрамын тойлаудың тұжырымдамасы әзірленіп, еліміз бойынша Көрісу күнінен басталған мереке он күн бойы тойланады. Біздің ауданымызда да бұл шаралар басталып кетті. Оған өздеріңіз атсалысып, куә болып жатсыздар! Барша әлемдегі ұлт пен ұлысты, ел мен елді теңестіретін көктемгі осы бір мейрам жыл сайын жаңару мен жасампаздықтың мерекесі ретінде халқымызға қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлап келеді.

Қадірлі жерлестер!

Наурыз – жаңа дәурен мен жақсылықты айшықтайтын әрі өткенді саралап, бүгінді бағамдайтын, болашаққа бағыт - бағдар беретін ерекше сәт.

Шығыс халықтарының жыл басы болып саналатын бұл мезгіл еңбек пен іскерліктің, ыждағаттылық пен ынтымақтың, бауырмалдық пен достықтың алтын арқауын одан әрі бекіте түседі. Наурыз –қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасарып, жаңаратын, табиғаттың көгеріп, көктейтін шағы. Ежелден жаңа мен жақсының, мейірім мен имандылықтың, жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Өз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын.

Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі

Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

“НАУРЫЗ-ДУМАН, НАУРЫЗ-ШАТТЫҚ, МЕРЕКЕ”



Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясында 17 наурыз – Шаңырақ күні.

Бұл күн елімізде жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді дене шынықтыру және спорт кешенінің алаңында Ы.Алтынсарин, Асан қайғы жырау, Еркінөв көшелерінің тұрғындары мен Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі “Наурыз-Думан, Наурыз-шаттық мереке” атты көше Наурыз мерекесі өтті. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев тұрғындарды Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын, бейбітшілік, жақсылық, амандық және табыс тіледі.

Ал, спорт мектебінің қызметкерлері келушілерді арнайы дайындалған бауырсақ, нау-

рыз көже, ыстық шаймен қарсы алса, балалар қазақтың ұлттық спорты ләңгі тебу, көкпар, қол күрес, бала палуан сынды ойындардан бақ сыйнасып жатты.

Жолмырзаев көшесінің бойындағы аллеяда Екібаев, Жолмырзаев, Дәуленов көшелері, “Асанәлі” бөбекжай балабақшасы, аудандық қазынашылық басқармасының қызметкерлері мен кәсіпкерлердің бірігуімен “Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз” мейрамын тойлады.

Онда ақ жаулықты әжелеріміз шашу шашып, ұлттық киім үлгілері, ұлттық тағамдар, қазақтың ұлттық салт дәстүрлерінен көріністер мереке шырайын одан әрі аша түсті.

“Алтын той”, “Күміс той” иелері Наурыз тойына арнайы шақырылып, құрмет көрсетілді.

Олар ақ тілегін білдіріп, еліміздің амандығын тіледі.

ӘКІМ АУДАНЫНЫҢ ТІЛЕГЕН АТА – ҚАРТ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КӨРІСТІ

ОҒАЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

14 НАУРЫЗ БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮНДЕРДІҢ БІРІ. ҚАЙ УАҚЫТТАН БЕРІ ЕКЕНІН ЕШКІМ ТАП БАСЫП АЙТА АЛМАЙДЫ. ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА МИРАС БОЛҒАН ДӘСТҮР БҰЛ СОЛ КҮНІ ЖАСТАРДЫҢ АУЫЛ ҮЛКЕНДЕРІНЕ КӨРІСУІ.



Бұл ізгі дәстүрді берік ұстанған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Ойыл селосындағы жасы тоқсаннан асқан әжелерге көрісті. Аудан басшысы бастаған ел ағалары алдымен Шәйзада апаға сәлем берді. Совет Үкіметі тұсында ұзақ жыл шаруашылықты басқарған Отар ақсақалдың зайыбы ауыл азаматтарына алғысын жаудырып, батасын берді. Одан кейін аудан басшысы жасы тоқсан алтыға таяған Ұлмекен әжеге көрісті. Бүгінде тоғыз баласынан өрген ұрпақтан шөбере-шөпшек

сүйіп отырған әже тек құлағының ауырлығы болмаса әлі де тың. «Қарты бар елдің қазынасы бар» - демекші, сіздердің әрбір бата-тілектерің жастарға рухани азық. Ортамызда отыра беріңіздер. Біздерге жыл сайын Сіздермен көрісуге жазсын! – деді аудан әкімі. «Сыйласаң көрінді, жарылқаймын бәріңді!» дейді екен. «Ұлық болсаң, кішік бол!»,- дегендей, үлкенді сыйлап, көрісіп келіп жатқандарыңа рақмет! – деген әже ақ батасын берді.

БАТА БЕРУ ДӘСТҮРІ - ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ. «БАТАЛЫ ҚҰЛ АРЫМАС, БАТАСЫЗ ҚҰЛ ЖАРЫМАС», - ДЕГЕН ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ БАТАНЫҢ ҚАДІР ҚАСИЕТІН ЕРТЕДЕН ЗЕРТТЕП БІЛГЕН.

Ақтөбе қаласы, Баишев білім корпорациясының «Тағылым» күміс еріктілер клубы «Бата-тәрбиенің бастауы» облыстық байқауы өткізді. Аудандық орталық кітапхана жанынан құралған «Ардагерлер» клубының мүшелері, ата салт-дәстүрлерімізді ардақтап, дәстүрлі дінімізді дөріптеуге ат салысты. Байқаудың нәтижесі бойынша Тілеген Алданаев бас жүлдені жеңіп алса, Айдынғали Тұраналиев 3-ші орынға ие болды. Бүгінде ауданның абыройын асқақтатып, жастарға үлгі болып, қоғамдық жұмыстардың ортасында жүрген Тілеген, Айдынғали аталарды жеңісімен құттықтаймыз!



ТАЗЕТІМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ

27 НАУРЫЗ, СӘРСЕНБІ КҮНІ

ЖАРЫҚҚА ШАҒАДЫ

САУЛАУ-2024

ШЫҒЫП ҚАЛҒАНДАРДЫҢ ОРНЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының 31 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2024 жылғы 31 наурызға тағайындалған шығып қалғандардың орнына Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарының сайлауында аудан сайлаушыларының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

к/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№396	Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23 Құмжарған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
2	№569	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-23
3	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
4	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13,Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
5	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
6	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты,телефон: 8 (71332) 74-1-42

ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚҰРМЕТ - ЗАҢ ТАЛАБЫ

СОТ МӘЖІЛІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӨНЕ ӨЗГЕ ДЕ АДАМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ СОТТЫҢ ІСТІ ОДАН ӨРІ ҚАРАУЫ МҮМКІН БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАРДА, ОЛАРДЫҢ ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫ, ХАБАРЛАУ, ХАБАРДАР ЕТУ НЕМЕСЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША СОТҚА ДӨЛЕЛДІ СЕБЕПТЕРСІЗ КЕЛМЕУІНЕН, СОТ ОТЫРЫСЫНДА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІНІҢ ӨКІМДЕРІНЕ БАҒЫНБАУДАН, СОТТА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАҒИДАЛАРДЫ БҰЗУДАН КӨРІНГЕН ӨРЕКЕТТЕР - СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУШІЛІК.



Егерде сотқа құрметтемеушілік білдіру орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653 бабы бойынша жауаптылықта болады. Яғни ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Сонымен қатар әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап қалған әрекеттер отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Сот мәжілісінде тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, аталған тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 653 бабының / Сотты құрметтемеушілік/ мақсаты тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау және заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру табылады.

Сонымен қатар сот үкімі, сот

шешімі немесе өзге де сот актісі және атқарушылық құжатты заңды күшіне еңген соң орындалуға жатады. Егерде заңды күшіне еңген сот актісі орындалмаса жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі бойынша жауапкершілік әрекеттерін сот баршаның сот алдында төңдігімен конституциялық қағидатын және сот төрелігінің міндеттерін іске асыру мақсатында қолданады. Заңмен тәртіпке бағынған құл болмайды. Сондықтан заң талаптарын сақтап, заңға бағынған жөн.

Ж. МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

15 наурыз 2024 жыл	№ 12	Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың кезекті он екінші сессиясын шақыру туралы		
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2,3 тармақтарына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:		
Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он екінші сессиясы 2024 жылдың 28 наурыз күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын. Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:		
1. Аудандық мәслихаттың 2023 жылы атқарған жұмысы жөніндегі аудандық мәслихат төрағасының есебі Хабарламашы: С.Ғ.Займолдин - аудандық мәслихат төрағасы		
2. Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 13 шілдедегі №63 «Ойыл ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» шешімінің орындалуы туралы Баяндамашы: Н.О.Тұрғамбеков – аудан әкімінің орынбасары		
3. Аудан аумағында су тасқынына қарсы қажетті жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдардың дайындығы туралы Хабарламашы: Т.Б.Бақытгереев - аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы		
4. Басқа да мәселелер		
Аудандық мәслихат төрағасы:		С.Ғ.Займолдин

"БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР"



1. Арнаулы әлеуметтік төлем қашан, кімдер үшін және қандай мақсатта енгізілді?

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Республикасының еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен қамтылған азаматтары мен ел аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік қорғалу деңгейін одан әрі арттыру үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылатын арнаулы әлеуметтік төлем енгізілді.

Жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын кәсіптері мен қызмет түрлері еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесіне енгізілген жұмыскерлер үшін аударды. Ондай қызмет түрлерінің 2 мыңнан астамы бар. Осылайша, арнаулы әлеуметтік төлемдер экономиканың әртүрлі салаларында, соның ішінде тау-кен және өңдеу өнеркәсібінде және басқаларында жұмыс істейтін қызметкерлерге төленеді. Қызметкердің 55 жасқа толуы, жиынтығында кемінде 84 ай бойына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (бұдан әрі - МКЗЖ) төленуі арнайы әлеуметтік төлем алудың ба-сты шарты болып табылады.

2. Зиянды жағдайларда жұмыс істейтін адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем тағайындау үшін қандай талаптар қойылады?

Қазақстан азаматтарына, ел аумағында тұрақты тұратын, еңбек жағдайлары зиянды өндірісте жұмыс істейтін және арнайы әлеуметтік төлем алғысы келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем олар:

- 55 жасқа толғанда;
- қызметкер үшін 84 ай (7 жыл) бойына міндетті кәсіптік зей-

нетақы жарналары төленгені расталған кезде;

- еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда қызмет етуін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауысқан кезде тағайындалады.
- Арнаулы әлеуметтік төлем алу үшін қызметкер төмендегі қызмет нұсқаларының бірін таңдауы керек:
- жұмыс берушімен келісім бойынша сол кәсіпорындағы еңбек жағдайлары зиянды емес басқа жұмысқа ауысуды ресімдеу;
- кәсіпорыннан тыс еңбек жағдайлары зиянды емес басқа жұмысқа өз бетінше орналасу;
- еңбек қызметін тоқтату.

3. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын адамдарға берілетін арнаулы әлеуметтік төлем неден құралады? Қалай есептеледі?

- 1) Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен қамтылған (еңбек ететін) азаматтарға берілетін арнаулы әлеуметтік төлем :
 - арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыдан (республикаларлық бюджеттен екі ең төменгі күнкөріс деңгейі (ТҚД) мөлшерінде тағайындалады және ол 2024 жылы 86 814 теңгені (2*43 407) құрайды);
 - зейнетке шығу алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінен (сақтандыру ұйымы қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары есебінен 2024 жылы – 43 407 теңге мөлшерінде тағайындайды);
 - жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін кәсіптік төлемнен (жұмыскер еңбек шартын бұзған немесе еңбек жағдайларын өзгерту туралы еңбек шартына қосымша келісім жасасқанда жұмыс беруші 2024 жылы – 43 407 теңге мөлшерінде 1 ТҚД тағайындайды);
 - БЖЗҚ-дан МКЗЖ және

ЖАС МАМАҢҒА ЖАСАЛАТЫН ЖАҚСЫЛЫҚТАР - ОЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ!

Қазіргі қоғамда еңбек құндылығының маңызы өте зор. «Адамды адам еткен – еңбек» дегендей, адамдықтың бір анықтамасы – еңбек. Ендеше, қоғамның да қоғам болуы еңбекпен тікелей байланысты. Мемлекет осыған әуелден баса мән беріп, жұмыссыздықты жоюға, жастарды еңбекке тартуға бағытталған маңызды бастамаларды жүзеге асырып келеді. Оған дәлел "Жастар тәжірибесі", "Жасыл ел", "Дипломмен – ауылға!", "Өңірлік кадр резерві" атты мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар. Тәуелсіз елімізде жүзеге асқан бұл бағдарламаларға өңірлерде жылдар бойы мыңдаған жастар тартылып келеді. Оның ішінде «Еңбек» бағдарламасына қатысуға ниеті жастар қатары өте көп.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке баулитын қысқа мерзімдік оқыту курстары және ҰБТ-дан өтпеген мектеп түлегі жұмысшы мамандықтар бойынша тегін техникалық кәсіптік оқулар қарастырылған. Ең бастысы жастар үшін шағын кәсіпкерлікпен айналысуға мемлекет

тарапынан қайтарымсыз тегін грант берілетіні көңілге сенім ұялатады. Өнімді ісімен ілгері басып, өрге озған азаматтардың қатарынан табылғысы келетін әр жас маман еңбекте өнегесін көрсетіп, халыққа адал қызмет жасап, табысты еңбек арқылы, жетістікке жетіп жүрген аға буын өкілдерінің ізбасары болуды армандайтын сөзсіз. Жастар - мемлекеттік қолдау барда - белді бекем буып, білек сыбанып, еңбекке өрте араласу арқылы үлкен мүмкіндікке қол жеткізетіндерін мол сеніммен айтуға болады. Жаңа Қазақстан құру жолында - жалынды жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатқан жақсылықтар ол ең әуелі мемлекет тарапынан көмек. Міне осындай мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі жөнінде сөз ету менің жастар жанашыры ретінде міндетім. Барша жастарды туған жеріне үздіксіз қызмет етіп, төл перзент ретінде тер төгіп еңбек ету парызы деп санаймын.

Жангүл ІЗҒАРИНА,
Аудандық мәслихат депутаты,
«AMANAT» партиясының депутатылық фракция жетекшісі.

берілген тиісті SMS-хабарламаға жауап берумен растау қажет.

Осылайша, арнаулы зейнетақы төлемін алушыға жұмыс берушіге өтінішпен жүгінгеннен кейін арнайы зейнетақы төлемін ресімдеу үшін ХҚКО мен БЖЗҚ-ға жүгінудің қажеті жоқ, SMS-хабарламаға жауап беру жеткілікті.

2024 жылғы жағдай бойынша еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істемейтін (еңбек етпейтін), 55 жасқа толған, пайдасына жиынтығында кемінде 84 ай бойына МКЗЖ төленген тұлғалар республикалық бюджет қаражаты және БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері есебінен берілетін арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы алу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға тиісті өтінішпен жүгінуді қажет. Төлемдерді алуға арналған өтініште БЖЗҚ-дан төлемдерді алуға өзінің келісімін көрсету қажет болады.

5. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік төлемдерді қай жасқа дейін алуға болады?

Төлем мөлшері өзгере ме? Әлеуметтік кодекске сәйкес зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін арнаулы әлеуметтік төлем зейнет жасына толғанға дейін жүзеге асырылатын болады және зейнетағы тағайындалғаннан кейін тоқтатылады.

Еңбек жағдайлары зиянды өндірісте жұмыс істейтін адамдар үшін тағайындалатын үш көзден (бюджет қаражаты есебінен арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы, сақтандыру төлемі және жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем) тұратын арнаулы әлеуметтік төлемдердің мөлшері жыл сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына барабар есетін болады және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін берілетін болады.

БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері МКЗЖ есебінен де, МЗЖ есебінен де қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының мөлшеріне қарай есептелетін болады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері МКЗЖ, МЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын (оларды алуға келісім болған жағдайда) 6,5%-ға көбейтіп, оны 12-ге бөлу жолымен айқындалады. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жыл сайын 5% индекстеледі және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Үшеуі тұрған жерлерінде бір-біріне естілетіндей ғып тағы сөйлесе бастады. Ай-налайын Рәш тәтем-ай, әң-гімеңіздің бітпей қалғаны қандай ғажап болды! Мен де үйді тазалап біттім, Білісбек те суды үйге кіргізіп үлгерді, Ырысбек те қоқысты зембілге салып, дырылдата сүйреп барады. Па, шіркін, қызу еңбек майданы!

Ақыры үш мұғалімнің сөзі бітті-ау! У-уһ! Жан қалды бұл жолы! «Апа, газға шай қойып қойдым, өзіңіз өшіре салыңыз. Мен сиырдың алдынан шығайын» дедім ерекше салтанатпен. Ырысбек қолына шыбық алып, қойларды кезектен бөліп алуға беттеді. Құдықтың басынан өзі су ішіп қайтқан танаы Білісбек қайта байлап жатыр...

6 Білісбек те алғашқы жылы оқуға түсе алмады. Үлкен сыныптарда сабағы кілт на-шарлап кетіп еді. Өзінің біл-мейтіні жоқ, бірақ дүрмекке ілесіп кетті-ау, сірә... Ауылға келіп, сиыр фермасында шөп турағыш болып істеді. Күн-де таңертең көзін тырнап ашып, жұмысқа кетеді. Кеш-кісін шаршап-талып, өзер жетеді. Келесі жылы Білісбек Талғардағы техникумға түсті. Апам оның артынан бір-екі рет барып қайтты. Жатақха-на жоқ болғандықтан, курста-старымен бірге пәтер жалдап тұрып жатыр.

Бұл бір қиын уақыт еді. Бәрі қат. Апамның нені қалай жет-кізіп жүргенін білмеймін, бірақ сол кезде біздің, біздің ғана емес-ау, бүкіл ауылдың ба-лаларының киіміне қараған адам жағдайды бірден түсінер еді. Қытайдың арзан, сапасыз дүниелерін үстімізге іліп жүре беретінбіз. Жаркенттен қытай базары ашылғаны тіпті жақсы болды. «Монтана» делінетін спорттық киімнің кеуде тұсына да қанатын кең жайған қыран бейнесі тұратын еді. Бірте-бірте қыран — торғайға, торғай адам түсінбейтін бірдеңеге айналып кетті. Көзінің орны ойылған, бір қанаты бір қана-тынан қысқа, денесі не рабай-сыз семіз, не рабайсыз арық бір жаратылыс бейнеленетін. Оған қарап жатқан ешкім жоқ, ойна да, қойға да, тойға да соны киіп жүре беретін.

Ә-әй, аяқ киімнің азабын тартқанымыз-ай! Сырты жып-жылтыр, қарасаң көз ұя-латын туфлилер екі күнге жет-пей ырсып қалады. Басқасын қойшы, кешіп өтсең, қияқ екеш қияқ шөп те сыртық қаба-тын тіліп түседі. Бұрынғыдай доп тебу деген арман болды. Шіреніп бір төпсең, табаның дереу жалтырап, айға сәлем беріп тұрғаныңды өзің аңғар-майсың.

Сабағымызды дайындап бітіп, Ырысбек, Жайнағұл үшеуіміз «Қала-қала» ойнай-мыз. Парақты бірнеше бөлік-ке — адам аты, жануар, зат, қала, киім, көлік деп бөлеміз де, әрбір әріп бойынша тол-тырамыз. Бірінші тапқаны-мыз «Стоп!» деп белгі берген сәтте беріміз тоқтауымыз керек. Бізден кішірек болғасын, Жайнағұлге жеңілдік бар — ол кейбір атауларды орысша да жаз береді. Г әрпінен жануар таппаса, «гусь» дей салады мысалы.

Менің бірмәулейім қы-рық есекке жоқ. Айдақымнан қайтпаймын. Әсіресе, өзім қи-сындатып жіберген атаулар-дың дұрыстығын дәлелдеуге келгенде өлерменмін. Қ әр-піні бірінші толтырып болып,

«Сто-оп!» деймін қоқиланып. Ырысбек пен Жайнағұл аң-таң. Олардың көлік атауынан қиналып отырғанын «беске» білем. Сондықтан да өзім та-пқандарды нәшіне келтіре тізбелеймін. Қанат! Қабылан! Қайшы! Қостанай! Қапсырма! Бұл сұрақтардан ағам мен қарындасымның мүдірмейтіні аян. Көлік атауына келгенде сәл аялдап тұрып:

— Қыты-қыты! — деймін. Ырысбек ішін басып, отырған орнында құлай кетті. Жайна-ғұлдің көзі шарасынан шығып кетіпті. Апам да мәз. — Ей, суайт, ондай көлік жоқ-өй! — деді ақыры Ырысбек өзін-өзі өзер тоқтатып.

— Е, неге жоқ, бар! Анау Өмір-бек аға мініп жүрген трактор-ды бүкіл ауыл «Қыты-қыты» демей ме?! Кәдімгі қорабы алдына қараған кішкентай қы-зыл тракторды! — Деуін дейді ғой, бірақ оның атауы ондай емес. — Қандай екенінде шаруам жоқ, бірақ біз көзімізді ашқа-лы «Қыты-қыты» дейміз ғой! Өтірік деші ал! — Иә-иә, шын. Бірақ біз бұл ойында әрбір нәрсенің шынайы атауын жазуымыз керек қой.

— Ойын басталғанда осындай талап қойдың ба? Жолшыбай заң шығара берсе, несі ойын оның?! Тапқан — тапқандікі, ешкі баққандікі! Бой берер емеспін. Апам ара-мызға түсті. — Қисықбасымның айтып отырғаны дұрыс. Бұл ойында білік қана емес, қиял да керек! Сонымен, қ әрпінде мен мықты болдым! Алты атау-дан алты ұпай алдым! Д-да тағы қатырдым. Киім атауын Ырысбек пен Жайнағұл де «джинсы» деп жазыпты. Ойын талабы бойынша, екі адам бір атауды бірдей жазса, сызып тастауға тиіс. Ұпай жоқ. Мен болсам:

— Дермантин бәтіңке! — деп қойып қалдым. — Мынауың енді тіпті ұят! Он-дай бәтіңке болушы ма еді? — Әй, Ырысбек, қазір аяғыңа киіп жүргенің дермантин емес, таза былғары ма сонда?! — Саған дауа жоқ екен! — деді Ырысбек. «Қала-қала» ойынында жеңіс сыйлаған дермантин бәтіңке-мен республикалық олимпи-адаға барып, жеңіспен ора-латынымды ол кезде қайдан білейін...

Тоғызыншы сыныпта қазақ тілі мен әдебиетінен аудан-дық олимпиадада бірінші болдым. Облыстан — үшінші орын. Оныншы сыныпта еке-уінен де мықты шықтым. Об-лысқа өзімді қатты қамшылап барғанмын, жолым болды. Мен жазған шығарманы Арнұр ұстаз олимпиаданың қоры-тынды кешінде барша жұртқа оқып беріп, үлгі етті. Төбем көкке жетті. Үйге келгесін, республикалық сынға жат-пай-тұрмай дайындалдым. Гүлнар апайым сәбилі болып, үйінде отырған еді. Мені үйін-де дайындады. Бөпесін емізе салып, кемі екі-үш сағат ал-дымен қазақ тілінен, сосын қазақ әдебиетінен тәптіштей түсіндіретін. Ұстазымның осы еңбегін де ақтауға тиіспін. Күтпеген жерден мойныма сы-здауық қаптады. Келмей қой-ған көктемнің суығы тиді ме, білмеймін. Мойным бұрыл-майды. Сонда да сабақтан қалмаймын. Бір күн қалсам, барша дүниенің қызығынан ада болардай тікірейіп алып,

мектепке тартамын. Атымды атаған адамға бүкіл денеммен бұрыламын. Бірақ кешкісін қатты сыздайды-ай!.. Жаным-ды көзіме көрсетеді. Апам шы-дай алмай, мақта басып тұрып сығып-сығып қалады. Одан да дауа аз. Ойбайым күшеймесе, азаймайды.

Сондай ем-дом жасап оты-рған күннің бірінде үйге Серік аға кіріп келді. Өзі аудан орта-лығында тұрады, біздің көрші жәрқырап тұр ғой! Озғалы тұр ғой! Қинамасаңызшы жа-нын! Тіл болған балаңызға, тіл болған. Жақсылап ашта-тыңыз, сол жетеді, — деді менімен бірге қиналып. Кіргені қанша тез болса, шыққаны да сонша жылдам болды.

Ертеңіне күн шықпай тұрып, апам мені көрші Ақан апаға аштатты. Ақан апа үйіне жет-кенше есінеп барып, біраз уақыт тырп етпей ұйықтап қалғанға ұқсайды. Міне, енді «республикалық олимпиада, қайдасың?» деп Жезқазғанға тартып келеміз. Күртілік Ермек оқыптуған ба деймін, қандай сұрақ қойсаң да мүдірмейді. Ол — тоғызын-шы сынып бойынша, мен — оныншы, Алтынғұл он бірінші сыныптан Алматы облысының намысын қорғамақпыз. Киімім қораштау. Аяқ киімім тіпті қы-зық, дермантин кроссовка.

Басқа ештеңе табылмады, шынымды айтайын. Апамның шамасы жеткені сол болды. Бірақ оны елеп жатқан мен жоқ. Жолақ шалбарымның ба-лағын аяқ киімімнің қонышы-на айналдыра тықпыштап, алып-ұшып келемін. Жарық стансасында сегіз сағат басқа пойыз күткеніміз болмаса, Жезқазғанға жақсы жеттік. Орын табылмай, плацкарт вагонның жүк қоятын үшінші текшесіне жатып барғанымыз болмаса...

Жарысқа келгендердің сипа-тын көріп, әуелі шошымды. Әдемі киінген әдемі бозбала-лар мен қыздар. Өзімді олар-дың арасында жүруге лай-ықсыз сезінген сәттерім де болды. Бірақ тез ширықтым. Қорқатын түгі де жоқ! Ермек екеуімізді маңдайымыз жарқырады. Ол — өз тұста-старынан, мен өз тұстаста-рымнан озып шықтық. Алтын-ғұл ынталандыру сыйлығын иеленді. Алатауымыздың баурайына алкеуде көңілмен жеттік. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты-на тоқтап, жатақханасында қалған заттарымызды алдық та, тарқай бастадық. Есіктен шыға берсем, апам жүгіріп келе жатыр екен. Ауылда шы-дап жата алмаған ғой қайран анам!

— Тыныстай, не болдың, қа-лың қалай? — дейді алқына дауыстап.

— Апа, бір! — деймін сау-сағымды шошайтып. — Бірі несі, бірінші орын ал-дың ба? — Иә, апа, бірінші орын! Өзімнің сонша ұстамдылық танытып тұрғаныма қайран-мын. Апам бас-көзіме қара-май, өбе жөнелді. Құшағына кіре түсіп, күн иісті басымды иіскете бердім, иіскете бердім. Апам екеуіміз бірден Талғарға тарттық. Білісбектің халін біле кетпекпіз. Ағам сабағында екен, біраз күтуге тура кел-ді. Студенттер тұрған пәтер-де не береке болсын, әскери

стақандарға шайды өзер суы-тып іштік. Білісбектің мойны жуандап, нағыз жігіт болып қалыпты.

— Әй, сен мықты екенсің ғой! — деді маған шын разы болып. Сосын үсті-басыма, қыры әбден кетіп, дөңгеленіп қалған жолақ шалбарыма, есіктің көзінде ырсыып жатқан дәу кроссовкама қарап алып: — Мына киімдермен бардың ба? — деді сеніңкіремей.

— Иә. Бірдеңе дегісі келіп тұрды да, апамнан жасқанды. — Ең құрығанда, шалбарың-ды үтіктеп кимейсің бе? — деді сосын міңгірлеп.

7 Дариға жиырма жасында тұр-мысқа шығып кетті. Білісбек оқуының екінші жылын та-мамдап, әскерге кетті. Әуелі Мәскеу түбіндегі Подольск қаласында алты ай оқыды, сосын тәуелсіз елдің жауын-гері ретінде Сарышағанда бо-рышын өтеді. Ырысбек Есікте-гі педколледжге түсті. Әй, өнер институтында оқитын-ақ жігіт еді, тәуекел жасап көрмеді ғой. Бірінші курста оқып жүр. Бойы әлі кішкентай. Студент-тік өмірін жыр ғып айтса, таң-ды таңға ұратын дастандай. Менің аузымның суы құриды.

— Өткенде, қар жаңадан түскенде ше, — дейді өзуі жиылмай, — Шөкен, Әділ үшеуіміз жорыққа шықтық. Қас қарайғанда Әділді сыртқа шығарып жібердік. Қарны-мыз аш. Жорыққа шықпасақ та өлмейміз, жатақтағы са-наулы жігіт болғасын, қыздар ас-суларынан бізді қалды-рған емес. Жігіттік намысы-мыз қайдан ойнай қалғанын қайдам, өзіміз ет асып жегіміз келді. Көздегеніміз — балко-нында ет жаюлы тұрған Жа-нардың бөлмесі. Бүгін олар қалаға кетіпті, бөлмелерінде ешкім жоқ. Бұл кезде балкон-нан-балконға ортекедей орғу-ды үйреніп алғанбыз. Тор қа-таға оралған етті шешіп алып, төменге лақтырғанымыз сол еді, жатақтың есігі ашылып, күзетші қақырынып-түкірініп сыртқа беттеді. Төменде етті қақшып алмақ болып тұрған Әділ зым-зия жоқ болды, біз де демімізді ішімізге тартып, тұрған жерімізде қаттық та қалдық. Күзетші ештеңеден секемденген жоқ, бірден учи-лице ауласынан шығып кетті. Төменде иттер ырылдайды. Қараса-ақ... қаңғыбас иттер тордың дала-даласын шыға-ғұл ынталандыру сыйлығын иеленді. Алатауымыздың баурайына алкеуде көңілмен жеттік. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты-на тоқтап, жатақханасында қалған заттарымызды алдық та, тарқай бастадық. Есіктен шыға берсем, апам жүгіріп келе жатыр екен. Ауылда шы-дап жата алмаған ғой қайран анам!

— Әй, ақымқтар, өздерің-ақ жеңіл-желпі бірдеңе жасап жей бермейсіңдер ме? — дей-мін олардың теріс әрекетін ұнатпай. — Ой, Тыныс, келесі жылы студент боласың, сол кез-де бәрін өзің түсінесің. — Ырысбек осыны айтып, жеңіл күрсінеді.

Қар демекші, ертең қойдың кезегі. Біздің ауылға қар қаз-ан айын орталамай-ақ жауа береді. Қой тебіндеп жайыла беретіндіктен, қар әбден қа-лыңдағанша, Дегерес, Бел жаққа алып кетеміз. Бақыт ағаның қасқа дөненін сұрап қойдым. Арқасы жауыр дейді, сонша қинамаймын да. Абырой болғанда, күн ашық. Қойлар да жайылатын жерді жақсы біліп алған, артынан ілбіп еріп отырсаң болды. Қасқа дөненнің тізгінін қоя беріп, көзімді қарықтырған қарға сығырая қарап, ой жете-гінде келемін.

(Жалғасы келесі санда)

КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ МЕН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ТЫҒЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАДЫ

Ақтөбе облысында алғаш рет өңірлік "Атамекеннің" директоры Дидар Боранқұлов пен облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева ақпарат алмасу және кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын заңнаманы жетілдіру мақсатында өзара іс-қимыл туралы бірлескен Жоспарға қол қойды.

2024 жылғы 15 наурызда Ақтөбеде кәсіпкерлер палатасы мен облыстық мәслихат "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Ре-спубликасының Ұлттық Кәсіпкер-лер Палатасы туралы" ҚР Заңда-рын басшылыққа ала отырып, кәсіпкерлікті қолдау саласындағы өзара іс-қимыл және іскерлік қатынастарды нығайту туралы уағдаласты.

Мәселен, Кәсіпкерлер палатасы-ның бастамасымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының қолда-уымен өңірдің бизнес-қоғамда-стығы мәселелерін шешуде қолдау және көмек көрсету жөнін-дегі бірлескен іс-шаралар жоспа-ры әзірленіп, бекітілді. Тараптар бірінші кезекте кәсіпкерлердің мүдделерін қозғайтын заңнаманы жетілдіру мәселелерін шешу бой-ынша бірлескен жұмыс істейтін болады.

«Өңірлік "Атамекен" бизнес-а-хуалды жақсартуға бағытталған мәселелерді шешу шеңберінде жергілікті өкілді органдармен өз-ара іс-қимылды күшейту жөніндегі бірлескен жоспарды, атап айтқанда, жер қатынастары; мемлекеттік-жекешелік әріпте-стік; импортты алмастыру шең-берінде өнім шығаратын отандық өндірушілерді қолдау; мектеп-терде сапалы тамақтануды ұй-ымдастыру бойынша бизнестің жауапкершілігі, басқа да пробле-малық мәселелер және жалпы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерін қарауға бағыт-талған іс-шаралар көзделген», — деп ӨКП директоры Дидар Боранқұлов атап өтті. Бірлескен

кеңестер өткізу және талқылау қорытындылары бойынша ұсы-ныстар әзірлеу, сондай-ақ облыс аудандарына шығу жоспарлану-да.

"Атамекен" көп жұмыс жасады деп айтып келеді. Мен сіздің бірқатар құжаттарыңызды зерт-тедім. Өткен жылы трансфор-мация аясында кәсіпкерлер па-латасы жанынан 130-ға жуық кәсіпкерді біріктіретін 6 салалық кеңес құрылған. Кеңестер барлық салаларды қамтиды. Бұл бизнес пен мемлекеттік органдар бар-лық проблемалық мәселелерді шешетін өте жақсы алаң. Өрине, біздің жоспарымызда біз тексеру туралы заңнамаға, әсіресе шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру-ге мораторийдің аяқталуы аясын-да ерекше назар аудардық. Және бірінші кезекте отандық тауар өндірушілерді қорғау, инвестиция тарту үшін қолайлы климат құру болып табылады. Біздің ортақ мақсатымыз — кәсіпкерлікті да-мыту үшін жағдай жасау. Біз сіздің алаңдарыңызға жәі жиналуға дайынбыз", - деді облыстық мәс-лихат төрағасы Гүлқасима Сүй-інтаева. Жоспар 1 жыл мерзімге бекітілді. Кәсіпкерлер палатасы мен облыстық мәслихаттың өз-ара іс-қимылының нәтижелері ту-ралы бизнес-қоғамдастыққа БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабарланатын болады. Айта кетейік, іс-шара дөңгелек үстел форматында өтті. Сон-дай-ақ, Өңірлік кеңестің, ӨКП жанында жұмыс істейтін Сала-лық кеңестердің төрағалары мен кәсіпкерлер өз сұрақтарымен қатысты. Атап айтқанда, олар кәсіпкерлік бастамаларды қол-дауға гранттар бөлу, тариф бел-гілеу, білім берудегі жан басына шаққандағы қаржылануы нор-мативтері, ГРП тиісті деріхана практикасын енгізу мәселелеріне қатысты болды. Қол қойылған жоспар шеңберінде осы мәсе-лелердің барлығы жеке алаңдарда пысықталатын болады.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУ ӘР АДАМНЫҢ ӨЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Туберкулез – ол инфекциялық ауру. Инфекция көзі - науқас адам. Сонымен қатар, туберку-лез ауруына шалдыққан малға күтім көрсету кезінде де адамға жұғуы мүмкін. Көбінесе ин-фекция ауру адаммен жанасу болған кезде одан сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде бөлі-нетін туберкулез бактерияла-рының ауа тамшылары арқылы сау адамға жұғу арқылы тарай-ды.

Туберкулез ауруы салмақ та-стау, тершендік, кеуде қуы-сындағы ауырсыну, жөтел, қан түкіру, жалпы әлсіздік, тез шаршау, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі сияқты шағымдардан басталады. Туберкулездің алдын алуда ту-беркулезге қарсы иммунитеттің дамуын қалыптастыру үшін Ұлт-тық екпелер күнтізбесіне сәйкес, медициналық қарсы көрсетілім-дері болмаған кезде, туғаннан кейінгі алғашқы 2-4 тәулікте перинаталдық орталықтың (бо-сандыру бөлімшесінің) егу ка-бинетінде туберкулезге қарсы вакцинацияланады.

Халық арасында туберкулезді ерте анықтау үшін медицина қызметкерінің жолдамасымен 15 жастан жоғары тұрғындар жыл сайын флюорографиялық қарап-тексерулерден өтулері

тиіс. Балалар арасында тубер-кулезді ерте анықтау үшін ту-беркулиндік Манту сынамасы қолданылады. Сонымен қатар, індеттің алдын алуда уақытылы тамақтану (ет, сүт өнімдері, ба-лық, дән тағамдары, көкөністер мен жидектерді асқа жеткілікті мөлшерде, түшкіргенде бөлі-атты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру белсенділігін арт-тыру, уақытында тынығу, темекі, ішімдік, жеке бас гигиенасын сақтау өте маңызды.

Ең маңыздысы өз денсау-лығыңызға ұқыпты болып, жоғарыда көрсетілген аурудың белгілері анықталған жағдай-да ауруды асқындырмай дер кезінде медициналық көмекке жүгіну қажет. Туберкулез диа-гнозы нақтыланған жағдайда дәрігердің ұсыныстарын сақтау, медициналық қызметкердің бақылауымен үзіліссіз ем қа-былдау дертті толықтай емдеу-ге көмектеседі.

Туберкулез ауруын уақытында анықтап емделмеген жағдайда ауруы асқынып, өлімге әкеледі және емделмеген науқас ай-наласындағыларға да қауіпті екенін естен шығармауымыз қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы аудандық аурухананың акушер-гинеколог дәрігері Жайықбаева Тұрсынхан Исағалиқызына әжесі **Елекебаева Мәрияның** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ұжымы және кәсіподақ ұйымы мектеп күзетшісі Жайықбаев Исаның аяулы анасы

Марияның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл ай-тады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 360 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ҚҰТ ҚОНҒАН, ЖАҚҰТ БОЛҒАН — ӨЗ, НАУРЫЗ!» | ІЗГІ ДӘСТҮРДІҢ ҮЛЕСІ

БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ОН КҮНДІК ҒҰРЫПТЫ ҚАЙТА ЖАҢАРТУЫМЕН ЕРЕКШЕ. АРНАЙЫ ТҰЖЫРЫМДАМАҒА СӨЙКЕС, 16 НАУРЫЗ – МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ.



Бұл күн мәдениет, өнер мен ұлттық салт – дәстүр насихатына арналған. Негізгі мақсат – халқымыздың дүниетанымы, салт – дәстүр, әдет – ғұрпы мен жөн-жоралғы, наным-сенімін, халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, төл мәдениетіміздің алтын арқауы ұлттық ұстанымын насихаттау. Жолмырзаев, Берсиев, Масатов, Шернияз көшелерінде орналасқан аудандық оқушылар үйі, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы, Ойыл ауданы бойынша статистика басқармасы, «Ойыл бизнес-инкубатор қоры» мекеме қызметкерлері мен көше кәсіпкерлері және тұрғындарының бірлесе ұйымдастыруымен аудандық оқушылар үйі алаңында «Құт қонған, жақұт болған – Өз, Наурыз!» атты көше Наурыз мейрамы өтті. Шараға аудан әкімі А.Қа-зыбаев қатысып, халыққа ме-

рекелік құттықтау лебізін білдірді. Ата-бабадан жеткен жөн - жоралғылары мен дәстүрлерін ұлықтай отыра, айтулы шарада Тұсау кесер, Бесікке салу рәсімдері көрсетілді. Үлкендер ақ батасын беріп, ізгі тілектерін білдірді. «Жастық» сауда орталығында орналасқан «Меруерт» ательесінің қазақы ұлттық нақышта тігілген «Наурыз – 2024» туындыларынан сән үлгісі көрсетілді. Ұлттық тағамдарға толы ақ дастарханнан, наурыз көже, ыстық бауырсақтан аудан тұрғындары ауыз тиіп, өз алғыстарын білдірді. Қазақтың асық ату, арқан тартыс сынды ұлттық спорттық ойындары ойнатылды. Мереке соңы қазақ халқының салт – дәстүріне байланысты сұрақ – жауап айдарына ұласып, жауабын тапқан тұрғындарға сыйлықтар табыс етілді.

«Қылысты қылыстырған - Наурыз»



Наурыз айының алғашқы он күндігінде «Алғыс айту», «Шежіре», «Сарқыт», «Наурыз дәстүрлері», «Отбасы бақыт мекенім», «Ұлттық тағамдар», «Әдемілік әлемі», «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра», «Саятшылық», «Асар» күндеріне арналған іс-шаралар Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінде өткізілді. «Алғыс айту» күніне музейдің ұйымдастырған іс - шараларына соның ішінде экскурсияларға, көрмелерге, мәдени шаралардың өткізілуіне үнемі қолдау білдірген мекеме аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлеріне алғыс білдірілді. «Шежіре» күніне «Қазақтың рулық шежіресі» тақырыбында Хайролла Иманғалиевтің музей қорында сақталған 9 беттік шежіресін өлкетанушылар клубының мүшелерімен бірлесе отырып, талқылау жұмысы ұйымдастырылды. Шараға Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары мен мектеп-гимназияның ұстаздары, тарихшылар, өлкетанушылар қатынасты. «Сарқыт» күніне әлеуметтік желіде, қазақ салтында

сарқыттың әрі ырымдық, әрі тәрбиелік, әрі дәстүрлік қызметтері бар екені жеткізілді. Ойыл қазақ орта мектебінің ұстаздары арасында ұйымдастырды. «Ат тергеу» пікір-алысу шарасында жан-жақты тарихи, аңыз болып қалған деректерді Балқия Тілеужанқызы айта отырып, ұстаздармен ой бөлісті. «Отбасы бақыт мекенім» күнінде, Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбасар Асановтың отбасында сақталған 1939 жылғы жазған кітапшасы мен алған медаль, ордені мен марапаттары, өз қолымен дайындаған құжаттарын, шығарған өлең шумақтары мен музей қызметкерлері танысып, музей қорына көшірмелерін, фотосуреттерін және 12 том қазақ совет энциклопедиясын және ұнтабақтар топтамасын алды. «Әдемілік әлемі» күніне "Мен анаммен мақтанамын" атты мәдени-шарсы «Дәстүрге жол» және «Замандас» клубының аналары арасында ұйымдастырылып, әр ана өзінің анасының жақсы қасиеттерін жан-жақты, әрі тәрбиелік жағынан ерекше екенін ұғындырды. Көрмеге қазақтың аңыз болып қалған батыр ана-

Сонымен қатар, «Ердеулет» құрылыс дүкенінің алдында ақ шаңқан киіз үй тігіліп, сол төңіректегі тұрғындардың белсенді атсалысуымен өткен шараны ұйымдастыру аудандық музыка мектебі мен «Көкжар» коммуналдық кәсіпорнына жүктелген-ді. Екібаев, Көкжар, Берсиев көшелерінде орналасқан аудандық музыка мектебі, «Көкжар» коммуналдық мекемесі, «Ердеулет» құрылыс дүкенінің қызметкерлері мен көше кәсіпкерлері және тұрғындарының бірлесе ұйымдастыруымен, «Ердеулет» құрылыс дүкенінің алдында «Өз, Наурыз - желмаясы ізгіліктің» атты көше Наурыз мейрамы өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев қатысып, жұртшылықты құттықтады. Мұнда да ұйымдастырушылардың бірі өнерлі жастар ордасы – музыка мектебі болған соң, бүгінгі күннің атауына орай мереке тек аста-төк дастарханмен емес, танымдық іс-шаралармен ұштасты. Жиналған халыққа қазақтың салт-дәстүрлері көрсетіліп, музыка мектебінің өнерпаздары ән-жырдан шашу шашып, мың бұралған билерін ұсынды. Наурыз көже, ақ пен дәмнен ауыз тиген үлкендер, өз тілектерін білдіріп, ақ баталарын берді. Қазақтың ұлттық спорттық ойындары ойнатылып, жеңіске жеткен жеңімпаздарға көшенің жеке кәсіпкерлері атынан сыйлықтар табысталды. Мереке соңы көше бүлдіршіндерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

15 наурыз - Қазақстандағы Наурызнама бойынша қайырымдылық күні. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету - қазақтың қанында бар қасиет. Мереке аудандағы іргелі оқу орны Ойыл кәсіптік колледжі мен аудандық аурухана ұжымы алаңдарында кең көлемде аталып өтті. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ерекше сипат алып келе жатқан Наурыз мейрамына орай мекемелерде өткізіліп жатқан шараларға куә болды. Алдымен аудандық орталық аурухана ұжымы ұлтымыздың салт-дәстүрі мен жол-жоралғыларын қайта түлетіп, байырғы тұрмыстың құнды қазынасы көрсетті. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев наурыздың елге, әрбір отбасыға ырыс-берекесімен келуіне тілектестігін білдіріп, бастарына амандық, бақ-береке тіледі. Бұл күн қазақ халқы үшін жаңа жылдың символы ғана емес, молшылық мерекесі екенін атап өтті. Сонымен қатар көпбалалы отбасыларға сый сияпат табыстады.Ал, аурухана ұжы-



мы емделушілер мен келгендердің бәрін көжеден дәм татуға шақырды. Колледж ұжымы жаңа жылдың басталғанын айшықтайтын, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін көріністер көрсетіп, шараны әншілер әсем әнмен өрледі. Көше бойына ақ шаңқан киіз үй тігіп, студенттері мен өткен-кеткендерге көже ұсын-

ды. Жайылған кең дастарханды наурыз көже мен бауырсақ, қазы-карта мен қымыз, шұбат, самаурында қайнаған күрең шай мен қара қазанда иісі бұрқырай қайнаған көжеден ауыз тиді. Наурызнамадағы қайырымдылық күні әрі қарай ұлттық ойындарға ұласты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селпосы.

АУДАНДАҒЫ СУ БАСУ ҚАҰПІ БАР АЙМАҚТАР ДАЙЫНДЫҚҚА БАҚЫЛАУ ЖАСАЛДЫ

Өткен апта «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Ойыл ауылдық округінде су тасқыны кезінде су басу қаупі бар аймақтарды тексеріп және оған дайындық жұмыстарының барысын бақылауға алды. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Тимур Бақтыгереев, «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушысы хатшысы Еркін Жименалин, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Исатай Берғалиев, аудандық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясының депутаттық фракция жетекшісі Жангүл Ізғарина партиялық бақылау жасады. Жалпы аудан бойынша су тасқынына (Ойыл және Қиыл өзендерінің тасу салдарынан) ықтимал 3 елді мекен, Екпетал елді мекені 45 тұрғын үй бар, халық саны 366 адам (оның ішінде

120-сы балалар, 25-і зейнеткерлер), Қаратал ауылы – 236 үй, 1398 адам, Қарасу – 19 үй, 127 адам қауіпті аймаққа жатады. Сонымен қатар аудан аумағында 6 гидротехникалық құрылыстарға («Қазсушар» РММ меншігіндегі «Тамдықөл», «Қиыл-Тассай», «Жекендісай» және коммуналдық меншіктегі «Мұқан», «Күп», «Батпақты») 2023 жылдың қазан айында жергілікті атқарушы органдарымен комиссиялық қарау жұмыстарын жүргізілген. Осылардың ішінде «Қиыл-Тассай» бөгеті қауіп төндіруі мүмкін. Алдағы уақытта құм тасу, тағы да басқа жұмыстар үшін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінен қосымша қаражат керек болады», - дейді Ойыл ауылдық округінің әкімі Артур Аманғосов. Автокөлік жол астындағы су өткізу құрылғыларын тазарту жұмыстары, Екпетал елді мекенінде

су тасқынынан қорғайтын бөгетке қосымша нығайту жұмыстарын жүргізу, қосымша елді мекендерінің айналасына топырақ үйіндісін (обвалование) жасау басталды. Елді мекенді су тасқынынан қорғау мақсатында құрамында 145 адам бар Азаматтық қорғау қызметтері құрылды, 17 техника, 1 моторлы қайық, 7 резина қайық, 15 судан құтқару жабдықтары, 31 мотопомпа, 1 дана диаметрі 150 дизелді су сору насосы бар. Ағымдағы жылы аудандық бюджет есебінен 3 моторлы қайық, 5 мотопомпа сатып алынууда. 11,0 тонна дизель отыны, 4,0 тонна бензин қоры жасақталды.10,0 мың қапшық, 100,0 тонна инертті материалдар дайын. Су тасқыны кезінде адамдарды орналастыру үшін сыйымдылығы 2000 адам 12 орналастыру орыны белгіленді, төсек жабдықтары дайын, азық-түлік қоры жасақталған.

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

СУ ТАСҚЫНЫ – БҰЛ ҚАРДЫҢ ЕРУІ, ЖАУЫН-ШАШЫН, СУДЫ ЖЕЛМЕН АЙДАҒАН ЖӘНЕ КЕПТЕЛУ КЕЗІНДЕ ӨЗЕНДЕРДЕГІ, КӨЛДЕР МЕН ТЕҢІЗДЕРДЕГІ СУ ДЕНГЕЙІНІҢ КӨТЕРІЛУІ НӨТИЖЕСІНДЕ ЖЕРДІ АЙТАРЛЫҚТАЙ СУ БАСУ. СУ ТАСҚЫНЫ КӨПІРЛЕР, ЖОЛДАР, ҒИМАРАТТАР, ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ҚИРАУЫНА, ЕЛЕУЛІ МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫНҒА, АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ОПАТ БОЛУЫНА ӨКЕЛІП СОҚТЫРАДЫ. СУ ТАСҚЫНЫ КЕНЕТТЕН ПАЙДА БОЛЫП ЖӨНЕ БІРНЕШЕ САФАТТАН 2-3 АПТАҒА ДЕЙІН СОЗЫЛУЫ МҮМКІН.



тық қорғаныс күні болып аталып өтіледі. Бұл күннің тарихы 1931 жылы Женева аймағы қауымдастығы деп аталатын, яғни әлемнің барлық елдерінде жергілікті аймақ қауіпсіздігін құру туралы халықаралық келісімдерге қол қоюмен басталды. Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу әрекетінде мемлекеттің координациясына, оған тұрғындарды дайындауға, мүмкін болатын шұғыл жағдайларға ұлттық төтенше жағдайлар қызметтерін үйлестіруге бағытталған маңызды халықаралық акция болып табылады. Жыл сайын Бүкіл әлемдік азаматтық қорғаныс күні нақты уранмен аталып өтіледі. Оның биылғы жылғы таңдалған тақырыбы: «Азаматтық қорғаныс қызметіндегі инновациялық технологиялар». Осыған байланысты Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күнінің шеңберінде ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап 30 наурызына дейін аудандық Төтенше жағдайлар бөлімімен №18 Өрт сөндіру бөлімі «Ашық есік күндерін», оқу орындарында интерактивті сабақтар, дәрістер мен сұхбаттар өткізеді. Сонымен қатар әр айдың екінші сисенбісінде аудан орталығында С-40 сиренасының қосылуымен аудан тұрғындарын құлақтандыру жаттығуы өткізіліп тұрады. Бұл шаралардың басты мақсаты — азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау, апатқа ұшыраған адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын сақтау. Адам өмірі – басты құндылық екенін естен шығармаймыз!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Жоғарыдағы көрсетілгендей су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында 2023 жылдың 16 мамырында Ойыл аудан әкімінің №77 қаулысымен су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі аудандық комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Көктемгі су тасуға қалай дайындалу керек? Егер де Сіздің аумағыңыз су тасу қаупі бар аймақта болса, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңгестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз. Су басу аумағынан көшу кезінде алып шығатын арнайы чехмодан немесе рюкзаққа құжаттарды, қажетті жылы киім, азық-түлік қорын, су және

дәрі-дәрмектерді алдын-ала дайындап қойыңыз. Көшірелудің басталуы және тәртібі туралы телетрансляциялық желі арқылы және кез келген байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Көшіруден бұрын, барлық азаматтар өз үйлерін қорғау бойынша жұмыстар жүргізу керек, атап айтқанда электрқуатын, су, газ құбырларын өшіру қажет. Су басу кезінде әрбір азамат өзіне-өзі ұстап, көмек дер кезінде келетініне сеніп, құтқарушылардың талаптарын қатаң орындауы тиіс. 2024 жылдың су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі штабының телефон номерлері 2-17-41, 2-15-41. Сонымен қатар Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) Бас ассамблеясының бұрыштамасына сәйкес жыл сайын 1 наурыз Бүкіләлемдік азамат-